

СИЛЛАБУС
 2023-2024 оқу жылының күзгі семестрі
 «БВ04205 Құқықтану» білім беру бағдарламасы
 4 курс, қазақ бөлімі

Пәннің ID және атауы	Білім алушының өзіндік жұмысын (БӨЖ)	Кредиттер саны			Кредиттердің жалпы саны	Оқытушының жетекшілігімен білім алушының өзіндік жұмысы (СОӨЖ)
		Дәрістер (Д)	Семинар сабақтар (СС)	Зерт. сабақтар (ЗС)		
93091 Мемлекеттік қаржылық бақылау және аудит	98	15	30	-	5	7
ПӘН ТУРАЛЫ АКАДЕМИЯЛЫҚ АҚПАРАТ						
Оқыту түрі	Циклы, компоненті	Дәріс түрлері	Семинар сабақтарының түрлері	Қорытынды бақылаудың түрі мен платформасы		
Оффлайн	БП, таңдау компоненті	Классикалық шолу, аналитикалық дәріс	логикалық тапсырмалар, пікірталас, сөзжұмбақтар құрастыру, тест-сұрақтар	Univer АЖ тест		
Дәріскер (лер)	Адилгазы Серикхан					
e-mail:	serikhan@mail.ru					
Телефоны:	87075797555					
Ассистент (гер)	Қонысбай Б.М.					
e-mail:	Konysbay17@gmail.com					
Телефоны:	87776409949					
ПӘННІҢ АКАДЕМИЯЛЫҚ ПРЕЗЕНТАЦИЯСЫ						
Пәннің мақсаты	Оқытудан күтілетін нәтижелер (ОН)*			ОН кол жеткізу индикаторлары (ЖИ)		
Пәннің мақсаты: қаржылық және бюджеттік ұйымдарда қаржылық бақылау және аудит негіздерін түсінуді қалыптастыру, қаржылық және бюджеттік ұйымдардың бухгалтерлік есебін бақылау, сараптау және талдау дағдылары мен тәсілдерін қалыптастыру. Курсты оқу нәтижесінде студент төмендегідей білімдерді меңгереді: - қаржылық және бюджеттік ұйымдарда мемлекеттік қаржылық бақылау және аудит негіздерін зерделеу; - бухгалтерлік есеп және аудит стандарттарын, қаржылық бақылаудың әдістері мен тәсілдерін қолдана білу; - есеп, бақылау, аудит саласында алған білімдерін іс жүзінде	Білім беру бағдарламасы бойынша ҚР нормативтік - құқықтық актілері негізінде мемлекеттің қаржылық бақылау мен қаржы жүйісін және қаржы құқығы пәнінің ұғымдық аппаратын, құрылымдық элементтерін түсіндіру.			1.1 Мемлекеттің қаржылық бақылау қызметі мен қаржы жүйісін зерттеу.		
				1.2 Қаржылық құқықтық қатынастарды реттеуде арнайы нормативтік құқықтық актілердің қолданылуын негіздеу.		
	2. Қазақстан экономикасының түрлі секторлары жұмысының тиімділігін жетілдіру жөніндегі шаралар кешенін ұсыну үшін олардың тиімділігін қаржылық бақылау негізінде құқық нормаларын қолдану тәртібін талдау әдістерін саралау.			2.1 Қаржы құқығының нормаларын қолдану шарттарын талдау әдістемесін қолданды.		
				2.2 Қаржы құқығының белгілі бір нормаларын қолдану шарттарын түсіндіре біледі.		
				2.3 Әр түрлі практикалық жағдайларда қаржы құқығы нормаларының заңнамалық бекітудің ерекшеліктерін талдауды меңгерген.		
	3. қаржы құқығының қатынастарын мемлекеттік реттеудің, сондай-ақ қаржы жүйісінің қауіпсіздік тиімділігін қамтамасыз етудің ерекшеліктерін талдау және анықтау.			3.1 Қаржы бақылау қатынастарын мемлекеттік реттеу әдістемелерін жіктей біледі.		
3.2 Қаржылық бақылау қатынастарын мемлекеттік реттеудің экономикалық						

<p>колдана білу; - қаржылық және бюджеттік ұйымдардың бухгалтерлік есептілігіне сараптама мен талдауды жүзеге асыру, анықталған кемшіліктерді жою, қаржылық және бюджеттік ұйымдардың қаржылық жағдайын сауықтыру және нығайту бойынша ұсынымдар әзірлеу; - ұйымдардың қаржылық жағдайын жақсарту үшін қаржылық бақылау мәліметтерін қолдана білу. Пәннің бағыты: Аудиттің теориясы мен практикасы мәселелері, оның функциялары мен принциптері, аудиторлық қызметті ұйымдастырудың әдістері мен тәсілдері бар. Пәнді оқу кезінде студенттер келесі аспектілерді зерттейді: мемлекеттік қаржылық бақылаудың мәні, функциялары және мәні, бақылаудың түрлері мен формалары, бақылау жүргізуді ұйымдастыру, бақылау органдары мен субъектілері, қаржылық бақылаудың нормативтік-құқықтық және ақпараттық негіздері.</p>	<p>4. Қаржылық бақылау саласындағы заңнаманы қолданудың тиімділігін қамтамасыз ету бойынша ұсынымдар жасау.</p> <p>5. ҚР заңнамасын талдау және оны қолдану практикасын жетілдіру жөнінде нақты ұсыныстар әзірлеу негізінде салық саласындағы қатынастардың әртүрлі салаларындағы құқықтық реттеу практикасына баға беру.</p>	<p>әдістерін салыстыра алады.</p> <p>3.3 Қаржылық бақылауда мемлекеттік реттеу мен басқарудың ұқсастықтары мен айырмашылықтарын және осы әдістерді қолдану негіздерін анықтады</p> <p>4.1 Қаржылық бақылау саласындағы заңнаманы қамтамасыз ету жөніндегі шараларды әзірлеуді біледі.</p> <p>4.2 Заңдылықты бұзудың себептерін және олардың алдын алу жолдарын, жоюды түсіндіре алады.</p> <p>4.3 Қаржылық бақылау саласындағы қатынастарына байланысты кәсіпкерліктің түрлі салаларында заңнаманың сақталуын қамтамасыз етуді жетілдіру бойынша жоспарлар жасауды біледі.</p> <p>5.1 Қаржылық бақылау қатынастарын реттеудің экономикалық тетіктерін қолдану қажеттілігін негіздеуді меңгерген.</p> <p>5.2 Қаржылық бақылау қатынастарын реттеу саласындағы шет елдердің тәжірибесін қолдана біледі.</p> <p>5.3 Қаржылық бақылау әкімшілігін жетілдіруде шет елдердің оң тәжірибесін қолдану мүмкіндігіне баға бере алады.</p>
<p>Пререквизиттер</p>	<p>GR2207 Азаматтық құқық, EP2209 Экологиялық құқық, FP2212 Қаржы құқығы, TP2211 Еңбек құқығы.</p>	
<p>Постреквизиттер</p>	<p>ZP3215 Жер құқығы, SP3223 Отбасы құқығы, PN3223 Жер қойнауын пайдалану құқығы, PP4312 Кәсіпкерлік құқық.</p>	
<p>Оқу ресурстары</p>	<p>Әдебиет:</p> <p>1. Негізгі:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Қуаналиева Г.А. Қаржы құқығы: оқу құралы / Г.А. Қуаналиева. - Алматы: Қазақ университеті, 2017. - 162 б. 2. Финансовое право Республики Казахстан: учеб. пособие / под ред. А.Е. Жатқанбаевой. - Алматы, 2018. - 270 с. 3. Сартаев С.С., Найманбаев С.М. Бюджеттік құқық: Оқу құралы. - Алматы: Жеті жарғы. - 2006. - 360 бет. 4. Финансовое право Республики Казахстан: учебник /Н.Р.Весельская, М.Т.Какимжанов.- Алматы: 2015. - 312 стр. <p>2. Қосымша:</p> <ol style="list-style-type: none"> 5. Сактаганова И.С. Қазақстан Республикасының қаржы құқығы. Жалпы және ерекше бөлім. Оқулық /Сактаганова И.С. - Алматы: "Эверо" баспасы, 2016. - 256 б. 6. Сактаганова И.С. Қазақстан Республикасының қаржы құқығы. Қазустық технологиясы бойынша. Оқу құралы / И.С.Сактаганова. - Алматы: "Эпиграф" баспасы, 2016. - 390 б. 7. Г.М. Аскарлова ФИНАНСОВОЕ ПРАВО РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН Учебно-методическое пособие Костанай, 2017 8. Контроль в финансово-бюджетной сфере: Научно-практическое пособие / Кучеров И.И., Поветкина Н.А., Абрамова Н.Е. - М.:Контракт, ИЗиСП, 2016. - 320 с.: 60х90 1/16 	

ISBN 978-5-98209-180-2 - Режим доступа: <http://znanium.com/catalog/product/791905>

Интернет-ресурстар

1. <http://elibrary.kaznu.kz/ru>
2. <https://adilet.zan.kz/kaz/>
3. <https://blog.agrokebety.com/ponyatiye-agrarnogo-prava>

Пәннің академиялық саясаты

Пәннің академиялық саясаты әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Академиялық саясатымен және академиялық адалдық Саясатымен айқындалады.

Құжаттар Univer ИЖ басты бетінде қолжетімді.

Ғылым мен білімнің интеграциясы. Студенттердің, магистранттардың және докторанттардың ғылыми-зерттеу жұмысы – бұл оқу үдерісінің тереңдетілуі. Ол тікелей кафедраларда, зертханаларда, университеттің ғылыми және жобалау бөлімшелерінде, студенттік ғылыми-техникалық бірлестіктерінде ұйымдастырылады. Білім берудің барлық деңгейлеріндегі білім алушылардың өзіндік жұмысы заманауи ғылыми-зерттеу және ақпараттық технологияларды қолдана отырып, жана білім алу негізінде зерттеу дағдылары мен құзыреттіліктерін дамытуға бағытталған. Зерттеу университетінің оқытушысы ғылыми-зерттеу қызметінің нәтижелерін дәрістер мен семинарлық (практикалық) сабақтар, зертханалық сабақтар тақырыбында, силлабустарда көрініс табатын және оқу сабақтары мен тапсырмалар тақырыптарының өзектілігіне жауап беретін ОСӨЖ, СӨЖ тапсырмаларына біріктіреді.

Сабаққа қатысуы. Әр тапсырманың мерзімі пән мазмұнын іске асыру күнтізбесінде (кестесінде) көрсетілген. Мерзімдерді сақтамау баллдардың жоғалуына әкеледі.

Академиялық адалдық. Практикалық/зертханалық сабақтар, БӨЖ білім алушының дербестігін, сыни ойлауын, шығармашылығын дамытады. Плагиат, жалғандық, шпаргалка пайдалану, тапсырмаларды орындаудың барлық кезеңдерінде көшіруге жол берілмейді. Теориялық оқыту кезеңінде және емтихандарда академиялық адалдықты сақтау негізгі саясаттардан басқа «Қорытынды бақылауды жүргізу Ережелері», «Ағымдағы оқу жылының күзгі/көктемгі семестрінің қорытынды бақылауын жүргізуге арналған Нұсқаулықтары», «Білім алушылардың тестілік құжаттарының көшіріліп алынуын тексеру туралы Ережесі» тәрізді құжаттармен регламенттеледі.

Инклюзивті білім берудің негізгі принциптері. Университеттің білім беру ортасы гендерлік, нәсілдік/этникалық тегіне, діни сенімдеріне, әлеуметтік-экономикалық мәртебесіне, студенттің физикалық денсаулығына және т.б. қарамастан, оқытушы тарапынан барлық білім алушыларға және білім алушылардың бір-біріне әрқашан қолдау мен тең қарым-қатынас болатын қауіпсіз орын ретінде ойластырылған. Барлық адамдар құрдастары мен курстастарының қолдауы мен достығына мұқтаж. Барлық студенттер үшін жетістікке жету, мүмкін емес нәрселерден гөрі не істей алатындығы болып табылады. Өртүрлілік өмірдің барлық жақтарын күшейтеді.

Барлық білім алушылар, әсіресе мүмкіндігі шектеулі жандар, телефон 8707579755 /e-mail serikhan@mail.ru кеңестік көмек ала алады.

МООС интеграциясы (massive openlline course). МООС-тың пәнге интеграциялануы жағдайында барлық білім алушылар МООС-қа тіркелуі қажет. МООС модульдерінің өту мерзімі пәнді оқу кестесіне сәйкес қатаң сақталуы керек.

Назар салыңыз! Әр тапсырманың мерзімі пәннің мазмұнын іске асыру күнтізбесінде (кестесінде) көрсетілген, сондай-ақ МООС-та көрсетілген. Мерзімдерді сақтамау баллдардың жоғалуына әкеледі.

БІЛІМ БЕРУ, БІЛІМ АЛУ ЖӘНЕ БАҒАЛАНУ ТУРАЛЫ АҚПАРАТ

Оқу жетістіктерін есептеудің баллдық-рейтингтік әріптік бағалау жүйесі				Бағалау әдістері
Баға	Баллдардың сандық баламасы	% мәндегі баллдар	Дәстүрлі жүйедегі баға	<p>Критериалды бағалау – айқын әзірленген критерийлер негізінде оқытудың нақты қол жеткізілген нәтижелерін оқытудан күтілетін нәтижелерімен ара салмақтық процесі. Формативті және жиынтық бағалауға негізделген.</p> <p>Формативті бағалау – күнделікті оқу қызметі барысында жүргізілетін бағалау түрі. Ағымдағы көрсеткіш болып табылады. Білім алушы мен оқытушы арасындағы жедел өзара байланысты қамтамасыз етеді. Білім алушының мүмкіндіктерін айқындауға, қиындықтарды анықтауға, ең жақсы нәтижелерге қол жеткізуге көмектесуге, оқытушының білім беру процесін уақтылы түзетуге мүмкіндік береді. Дәрістер, семинарлар, практикалық сабақтар (пікірталастар, викториналар, жарыссөздер, дөңгелек үстелдер, зертханалық жұмыстар және т.б.) кезінде тапсырмалардың орындалуы, аудиториядағы</p>
A	4,0	95-100	Өте жақсы	
A-	3,67	90-94		
B+	3,33	85-89	Жақсы	

				жұмыс белсенділігі бағаланады. Алынған білім мен құзыреттілік бағаланады. Жиынтық бағалау – пән бағдарламасына сәйкес бөлімді зерделеу аяқталғаннан кейін жүргізілетін бағалау түрі. БӨЖ орындаған кезде семестр ішінде 3-4 рет өткізіледі. Бұл оқытудан күтілетін нәтижелерін игеруді дескрипторлармен арақатынаста бағалау. Белгілі бір кезеңдегі пәнді меңгеру деңгейін анықтауға және тіркеуге мүмкіндік береді. Оқу нәтижелері бағаланады.
B	3,0	80-84		Формативті және жиынтық бағалау
B-	2,67	75-79		Дәрістердегі белсенділік
C+	2,33	70-74		Практикалық сабақтарда жұмыс істеуі
C	2,0	65-69	Қанағаттанарлық	Өзіндік жұмысы
C-	1,67	60-64		Жобалық және шығармашылық қызметі
D+	1,33	55-59	Қанағаттанарлықсыз	Қорытынды бақылау (емтихан)
D	1,0	50-54		ЖИЫНТЫҒЫ

Оқу курсының мазмұнын іске асыру күнтізбесі (кестесі). Оқытудың және білім берудің әдістері.

Аптасы	Тақырып атауы		Сағат саны	Макс. балл
МОДУЛЬ 1 Қаржы құқығының жалпы ережелері				
1	Д 1. Қаржылық бақылаудың жалпы сипаттамасын түсіндіру. СС 1. Қаржылық бақылаудың мәні мен әдістерін талқылау.		1 2	7
2	Д 2. Қаржылық бақылаудың негізгі принциптерін түсіндіру. СС 2. Қаржылық құқықтың әдістері және жүйесі, сонымен бірге, қаржылық құқықтың жалпы және ерекше бөлімдерінің өзара байланысын талқылау. СОӨЖ 1. СӨЖ 1 орындау бойынша кеңестер		1 2	7
3	Д 3. Қаржылық ұйымды нормативтік-құқықтық реттеу мен қаржылық бақылауын түсіндіру. СС 3. Қаржылық ұйымды нормативтік-құқықтық реттеу мен қаржылық бақылау ерекшеліктерін талқылау. СӨЖ 1. Қаржылық құқықтың құқық саласы ретіндегі ерекшелігі және қазіргі таңдағы мәселелері. Бақылау жұмысы.		1 2	7 25
4	Д 4. Мемлекеттік қаржылық бақылау органдарының жүйесі және олардың өкілеттіктерін ашып көрсету. СС 4. Мемлекеттік қаржылық бақылау заңнамаға талдау жүргізу		1 2	7
5	Д 5. Сыртқы қаржылық бақылаудың негізгі ұйымдастырушылық нысандарын түсіндіру. СС 5. Мемлекеттің қаржылық құрылымы және қаржылық реттеудің құқықтық негіздерін талқылау.		1 2	7
МОДУЛЬ 2				
6	Д 6. Мемлекеттік тексерушілердің жауапкершілігін және бюджеттеуін тексеру тәртібін түсіндіру. СС 6. Мемлекеттік тексерушілердің жауапкершілігін және бюджеттеуін тексеру тәртібін талдау. СОӨЖ 2. СӨЖ 2 орындау бойынша кеңестер		1 2	7
7	Д 7. Ішкі бақылау жүйесі ұғымы мен бақылаудың құқықтық негіздерін түсіндіру. СС 7. Ішкі бақылауды жоспарлаудың сатылары, қаржы жылы, қаржы кезеңдерін талқылау. СӨЖ 2. Қазақстан Республикасының ақша жүйесі және оның элементтерін құқықтық талдау (дебат).		1 2	8 25
Аралық бақылау I				100
8	Д 8. Ішкі бақылаудың ұйымдық нысандары, оның мақсаттары мен міндеттерін зерделеу. СС 8. Ішкі бақылаудың ұйымдық нысандары, оның мақсаттары мен міндеттерінің пайда болуы мен тоқтатылуының негіздерін талдау. СОӨЖ 3. СӨЖ 3 орындау бойынша кеңестер		1 2	6
9	Д 9. Сыртқы және ішкі бақылау, ішкі басқару бақылауы және аудит арасындағы		1	

	байланыс және ерекшеліктерін ашу.		
	СС 9. Сыртқы және ішкі бақылау, ішкі басқару бақылауы және аудит арасындағы байланыс нысандарын талқылау.	2	6
	СӨЖ 3. "Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс-қимыл кезеңі" Мемлекет басшысы Қ.Тоқаевтың Қазақстан халқына Жолдауы (презентация, реферат).		10
10	Д 10. Құжаттарды бақылауды зерттеудің мәні мен реттілігін талқылау.	1	
	СС 10. Құжаттарды бақылауды зерттеудің мәні мен реттілігін зерделеу.	2	6
	СОӨЖ 4. СӨЖ 4 орындау бойынша кеңестер		
МОДУЛЬ 3			
11	Д 11. Мемлекеттік аудиттің рәсімдік негіздерін талқылау.	1	
	СС 11. Мемлекеттік аудиттің рәсімдік негіздерін жүргізу тәртібі мен ерекшеліктері қарастыру	2	6
12	Д 12. Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау органдары қызметінің өзге де бағыттарын түсіндіру.	1	
	СС 12. Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау органдары қызметінің өзге де бағыттарын талқылау.	2	6
	СӨЖ 4. Қазақстан Республикасының банк жүйесі. ҚР банк қызметі. Банк деңгейлері. ҚР Ұлттық банк өкілеттіліктері.		10
13	Д 13. Мемлекеттік аудитке және қаржылық бақылауға қатысушылардың құқықтары мен міндеттерін түсіндіру.	1	
	СС 13. Мемлекеттік аудитке және қаржылық бақылауға қатысушылардың құқықтары мен міндеттерін талқылау.	2	6
	СОӨЖ 5. СӨЖ 5 орындау бойынша кеңестер		
14	Д 14. Жоғары аудиторлық палатаның қызметін ұйымдастыру ерекшеліктерін ашу.	1	
	СС 14. Жоғары аудиторлық палатаның қызметін ұйымдастыру саласындағы қарым-қатынас ұғымы мен түрлерін талқылау.	2	6
	СӨЖ 5. Ұйымдардың өндірістік және қаржылық-шаруашылық қызметін бақылау және аудит (жоба дайындау).		30
15	Д 15. Апелляциялық комиссияның жалпы сипаттамасы мен түрлерін талқылау	1	
	СС 15. Апелляциялық комиссияның ерекшеліктері ашу.	2	8
Аралық бақылау 2			100
Қорытынды бақылау (емтихан)			100
Пән үшін жиынтығы			100

Декан _____ Д.Л. Байдельдинов

Кафедра меңгерушісі _____ Г.А. Куаналнева

Дәріскер _____ С. Адилгазы